



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

ЕЛДІҢ ІШКІ НАРЫҒЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА ҚАБІЛЕТТІ АЙМАҚ



Соңғы жылдары Түркістан облысы демографиялық өсімі жоғары, инвестиция тарту қабілеті күшейген және кәсіпкерлік белсенділігі артып келе жатқан аймақ ретінде ерекшеленіп отыр. Бұл үрдіс әрі қарай да жалғаспақ. Мұны облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің Елордадағы Орталық коммуникациялар қызметінде журналистерге берген брифингiнен аңғардық.

Қолға алынып жатқан істерден экономикаға жан бітіретін нақты жобалар, кәсіпкерге берілетін қолжетімді мүмкіндіктер және жаңа жұмыс орындары секілді аймақ өмірінің жаңа белесі көрініп тұр. Облыста әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасы сақталған. Алдын ала жасалған есеп бойынша 10 айда

өндірілген жалпы өнім көлемі 4 387,8 млрд теңгеге жетіп, қысқа мерзімді экономикалық өсім 114,8%-ды құрады. Осы көрсеткіш бойынша Түркістан облысы республикада екінші орында тұр.

(Жалғасы 3-бетте)

ШЫМҚАЛА ИНВЕТОР ҮШІН ДЕ, ТҮРҒЫН ҮШІН ДЕ ТАРТЫМДЫ ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫ



Шымкент жыл сайын қарқыны бәсеңдемейтін, керісінше үнемі алға ұмтылатын, демографиясы да, экономикасы да серпінді дамып келе жатқан мегаполис екеніне биылғы брифингте көзіміз жетті. Орталық коммуникациялар қызметі алаңында сөз алған Шымкент қаласының әкімі Габит Сыздықбеков шаһардың әлеуметтік-экономикалық ахуалына кең көлемде тоқталып, жоспарланған жобалармен таныстырды.

Әкімнің айтуынша, биылғы 10 айда Шымкенттің экономикасы 14,8 пайызға өсіп, республика бойынша алғашқылардың қатарында тұр. Сауда, байланыс, өнеркәсіп, құрылыс, инвестиция – барлық секторда өсім бар. Жыл басынан бері 982 мың шаршы

метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, қала мегаполис ретіндегі мүмкіндігін толық көрсеткен.

«Біздің негізгі байлығымыз – еңбекқор халық пен тұрақты өсімге деген жігер.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛҒАН

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау – бұл қорғау құқығын қамтитын заңдылық пен әділеттілік кепілі, яғни, заңмен бекітілген шаралар кешені. Елімізде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға Конституциямен кепілдік берілген. Мәселен, күдікті, айыпталушы, жәбірленуші және куәгер – заң көмегін алуға, хат алмасудың құпиясына, өмірі мен денсаулығын қорғауға құқылы, оларды қорғау міндеті процесі жүргізетін органдарға жүктелген.

Қылмыстық-процестік кодекстің 7-бабы 25-тармағына сәйкес, қылмыстық қудалауды, сондай-ақ, сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар қылмыстық процеске қатысушылары саналады. Атап айтсақ – прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, күдікті, қорғалуға құқығы

бар куәгер, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер мен талапкер, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, олардың заңды және өзге өкілдері. Аталған баптың 24-тармағымен – сот отырысының хатшысы, аудармашы, куә, куәгер, сарапшы, маман, сот приставы, медиатор сынды қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар айқындалған.

Қылмыстық іс жүргізу органдарының заң-

дылық принципін сақтауы процеске қатысушы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды талап етеді. Соған орай, Қылмыстық-процестік кодекстің 15-бабы қылмыстық процесі жүргізетін органға процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, талаптарын қанағаттандыру жолында қажетті шараларды қолдануды міндеттейді. Бұған қоса орган қызметкерлері жәбірленуші мен куәге, т.б. процеске қатысушыларына, олардың отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына қандай да бір құқыққа қарсы қауіпті әрекеттер жасалса, өз құзыреттерінің шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау үшін заңмен бекітілген шараларды қолдануға міндетті.

Аталған кодекстің 26-бабымен нақты-

ланғандай, қылмыстық процесі жүргізетін орган күдікті мен айыпталушыға құқықтарын түсіндіріп, олардың заңда тыйым салынбаған барлық құралмен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жеке бас және мүлктік құқықтарын қорғау үшін тиісті әрекеттер жасайды.

Қылмыстық іс жүргізу кезінде азамат құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы салдарынан зиян тартса, ол Қылмыстық-процестік кодексте көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өтеледі. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер болсын процеске қатысушыларының құқықтары қатаң сақталады және олар өз ұстанымдарын қорғауда тең мүмкіндіктерге ие.

(Жалғасы 2-бетте)

2-бет



Ғылымсыз ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті болуы мүмкін емес

5-бет

**БҮЛІКТІ
БАСҚАН
ГЕНЕРАЛ**

(Ұлы отан соғысының ардагері, генерал Н.Алмағанбетов туралы ой)



8-бет



Жемқорлықпен күрес науқандық шара болмауы керек

МИНБЕР

ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛҒАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қылмыстық-процестік кодекстің 99-бабымен процеске қатысушылардың өтінішхаттарын қараудың міндеттілігі бекітілген. Процесс қатысушылары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға, судьяға қылмыстық процесс барысында маңызы бар мән-жайларды анықтау, өтінішхатпен жүгінген немесе өздері өкілдік ететін тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін процесстік әрекеттерді жүргізу немесе процесстік шешімдерді қабылдау туралы өтінішхаттармен жүгіне алады.

Мұндай өтінішхат процесстің кез келген сатысында мәлімделеді. Оны беруші нақты мән-жайларды анықтауда қандай әрекет жүргізу немесе шешім қабылдау қажеттігін көрсетуі тиіс. Тергеуші, анықтаушы,

судья қылмыстық іс бойынша мәлімделген әрбір өтінішхатты тез арада қарап, шешуге міндетті. Егер ол бойынша жедел түрде шешім қабылдау мүмкін болмаса, мәлімделген күннен бастап үш тәуліктің ішінде шешілуі тиіс. Өтінішхат қабылданбаған жағдайдың өзінде оны қылмыстық сот ісін жүргізудің келесі кезеңдерінде қайталап немесе қылмыстық процессті жүргізетін басқа орган алдында мәлімдеуге болады.

Сотқа дейінгі тергеу барысына араласқандар әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік арқалайды. Бұл ретте Қылмыстық кодекстің 407-бабының 2-тармағына сай, сотқа дейінгі, жан-жақты, толық және объективті тергеп-тексеруге кедергі жасау мақсатында прокурордың немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қызметіне араласу – 160 АЕК-ке дейін айыппұл салуға немесе

осы мөлшерде түзеу жұмысына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейін қамаққа алуға жазаланады.

Процеске қатысушылар іс материалымен танысып, олардың көшірмесін алуға, сонымен қатар, дәлелдемелерді ұсынуға және оны зерттеуге қатысуға құқылы. Осы мақсатта куәлар мен сарапшыларға, мамандарға және басқа да қатысушыларға сұрақтар қойып, өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалана алады. Бұл құқықтардың сақталуы істі әділ қарауға кепілдік ететін Қылмыстық-процестік кодекс нормаларымен қамтамасыз етілген.

Ержан ҚАРАБАЕВ,
Маңғыстау облыстық сотында
Қылмыстық істер жөніндегі
сот алқасы төрағасының
міндетін атқарушы

ОҢ ҚАДАМ

ҒЫЛЫМСЫЗ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБИЛЕТТІ БОЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС

Қазақстанның ауыл шаруашылығы кейінгі жылдары күрделі табиғи-құбылыстық ықпалдардың қыспағында қалып отырғаны ақиқат. Климаттың тұрақсыздануы, топырақ деградациясының күшеюі, ауыспалы егіншілік жүйесінің сақтамауы, ылғалдың жетіспеушілігі – бәрі бірдей алқаптың өнімділігіне тікелей кері әсер етеді. Осындай жағдайда аграрлық ғылым мен өндірістің бір арнада тоғысуы бұрын-соңды болмаған маңызға ие болды. Ғылымсыз ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті болуы мүмкін де емес. Сондықтан ғылыми негізделген технология ғана өнімділікті тұрақты деңгейде ұстап, тәуекелдерді азайта түспек...

019 БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА: ҒЫЛЫМДЫ АЛҚАПҚА ШЫҒАРУ

Ақмола облысында ауыл шаруашылығы басқармасының қолдауымен жүзеге асқан 019 «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу қызметтері» бағдарламасы – ғылымның нақты өндірісте сыналуының жарқын үлгісіне айналып отыр. Бағдарламаны орындаушы – «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС бірнеше онжылдық бойы Солтүстік Қазақстанға бейімделген агротехнологияларды, өнімділігі жоғары жаңа сорттарды жасап келе жатқан жетекші ғылыми орталық.

Бағдарлама климаттың өзгеруі мен топырақ құнарлылығының әлсіреуіне байланысты өсімдік шаруашылығының тиімділігін арттыруға басымдық берген. Мақсат – зерттеу нәтижелерін тікелей шаруашылық жағдайына бейімдеп, нақты алқапта сынау, нәтижесін бағалау және ең тиімді тәсілдерді өндіріске енгізу болып отыр.

ПИЛОТТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАР: ТӘЖІРИБЕНІ НАҚТЫ ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕУ

Бағдарлама аясында облыстың әртүрлі топырақ-климаттық аймағында орналасқан алты шаруашылық пилоттық алаң ретінде белгіленді. Егістік көлемі 2000-нан 40 мың гектарға дейінгі бұл шаруашылықтар техникалық жарактану деңгейі, кадрлық мүмкіндігі, агротехнологиялық тәжірибесі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Дәл осы ерекшелік – әдістемелік жан-жақты сынап, әмбебап шешімдер табуға мүмкіндік берді.

Алғашқы кезеңде ғалымдар шаруашылықтардың жұмысын жан-жақты зерттеп, егістік алқаптарының топырақ жағдайы, егіс құрылымы, қолданылатын сұрыптар, тыңайтқыштар жүйесі, зиянкестермен күрес тәсілдері, техника паркі және еңбек ресурстарының бәрін бірдей саралап, әр шаруашылыққа жеке технологиялық карта әзірлеп шықты.

ТОПЫРАҚ ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ ҚОРЕКТЕНДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҮЙЕСІ

Агротехника зертханасының мамандары әр алқаптың топырақ



құрамын зерттеп, азот, фосфор, калий мөлшерін анықтайды. Бұл нақты нормамен тыңайтқыш енгізуге мүмкіндік береді. Зертханалық сараптама тұқым сапасын да қамтып, өну энергиясы, фитопатогендермен залалдану деңгейі, қажетті өңдеу препараттары айқындалады. Мұндай дәлдік болашақ өнімнің іргетасын алдын ала бекітіп береді. Егіс жұмыстары мамыр айының екінші және үшінші онкүндігінде, оптималды мерзімде жүзеге асырылады. Ал минералдық тыңайтқыштар дәл сол уақыт аралығында енгізілуі тиіс.

Өсімдік өсу кезеңінде ғалымдар зиянкестер, аурулар және арамшөптер бойынша тұрақты мониторинг жүргізді. Пилотсыз ұшу аппараты алқаптарды әуеден бақылау, проблемалық аймақтарды дәл анықтауға мүмкіндік береді. Қажет сәтте химиялық өңдеулер мен микроэлементтік жапырақтық коректендірулер дереу ұйымдастырылады. Мәселен, биылғы маусым құрғақшылықпен есте қалды. Көктемгі ылғал қоры төмен, жауын-шашын әр жерде әртүрлі әрі жиі тиімсіз сипатта болды. Маусым-шілде кезеңінде топырақ пен атмосфералық құрғақшылық бірнеше рет байқалды. Мұндай жағдайда өнім қалыптастыру нағыз сынақ болары сөзсіз. Соған қарамастан, ғылыми технологиялар артықшылығы айқын көрінді. Пилоттық алқаптарда жаздың бидайдың өнімділігі – 21,1–24,6 пайызға, майлы зығыр өнімділігі –

19,8 пайызға дейін артық болды. Бұл – ғылыми негізделген нормалар мен технологияның нақты нәтиже беретінін айқын дәлелдеп берді.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ҮШІН ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ, БИЗНЕС ҮШІН НАҚТЫ ПАЙДА

Ғалымдармен негізделген бағдарлама өндіріс жағдайында жұмыс істейтін жас зерттеушілер

үшін нағыз оқу алаңына айналды. Жергілікті, нақты тәуекелдермен бетпе-бет келгенде ғылымның бағыты өзгеріп, зерттеулердің өзектілігі артады. Ал бизнес тарапынан туындайтын мәселелер ғылымның практикалық міндетін айқындап, екіжақты дамудың тиімді моделін қалыптастырып отырады. Өйткені, ғылымға сүйенген шаруашылық қана тұрақты өнім алуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, табиғаты аса қатал теріскей аймақта өнімділікті болжау аса күрделі. Бірақ агробизнес ғылымға сүйенгенде ғана тұрақты нәтиже береді. Топырақты талдау, тыңайтқыш нормасын нақты есептеу, жаңа сұрыптарды бейімдеу, зиянкестерге мониторинг жүргізу, тәуекелдерді басқару – бұлардың әрқайсысы өнімнің шешуші факторы болып табылады. 019 бағдарлама-сының тәжірибесі дәлелдегендей, ғылыми технология өндірістің бүкіл жүйесін өзгертеді. Осының арқасында әр гектардың берер өнім көлемі ұлғайып, ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі күшейеді.

Бақыт ИРМУЛАТОВ,
«А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің агрохимия және тыңайтқыштар зертханасының меңгерушісі,
Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
доцент

БАҒДАР

Мемлекеттік биліктің беделі мен қоғамның сенімі ең алдымен мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мәдениетіне байланысты. Мемлекеттік қызметші – халық пен билік арасындағы сенім көпірі, мемлекет бейнесінің көрінісі. Сондықтан оның кәсібилігімен қатар, мінез-құлқы мен этикалық ұстанымы – мемлекеттік аппараттың айнасы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН МАРАПАТ – ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫ МЕН СЕНІМІ



Әбілсейіт ТҮЛКИЕВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында «Ең бастысы, біз мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгертуге баса мән беруіміз қажет. Олар туған-туыстарының арасында не болмаса қоғамда абырой-беделге ие болуды емес, ең алдымен, халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуға тиіс. «Адал азамат» дегеніміз – осы» деп айтқан болатын.

Міне, Президент айтқан «Адал азамат» қағидатын ұстану және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау – қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет саласының басты талабы. Бұл қағидаттарды күнделікті қызметіне енгізген мемлекеттік қызметші ғана қоғамның сеніміне ие бола алады.

Мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – халыққа сапалы қызмет көрсету. Әрбір қызметші өз жұмысына «халыққа қызмет ету» қағидаты тұрғысынан қарап, мемлекет мүддесін жеке мүддеден жоғары қоюы тиіс. Азаматтардың өтінішін уақытылы және заң аясында сапалы қарау – кәсіби әдептілік көрсеткіші. Сондай-ақ, әлеуметтік желідегі мінез-құлық мәдениеті де мемлекеттік қызметшінің әдебінен тыс қалмауы керек. Осы орайда, мемлекеттік қызмет саласында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы ерекше рөл атқарады. Бұл бағдарлама адалдық пен әділдікті өмірлік ұстанымға айналдырған, қоғам сенімін нығайтуға атсалысатын азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған. Бағдарлама аясында түрлі семинарлар, тренингтер мен кездесулер өткізіліп, мемлекеттік қызметшілердің парасаттылық мәдениеті жүйелі түрде дамып келеді.

«Адал азамат» бағдарламасы тек мемлекеттік қызметшілерге ғана емес, жалпы қоғамға үлгі болуды көздейді. Өйткені ел болашағы – әділдік пен адалдық қағидаттарына негізделген. Парасаттылық пен ашықтық бар жерде әділ шешім, сенім мен тұрақтылық орнайды.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ӘКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Елімізде сот жүйесінің тиімділігін арттыру, азаматтардың сотқа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әксаумақтық соттылық институты біртіндеп дамып келеді. Бұл ұғым сот істерін шешуде аумақтық шектеулерді алып тастау арқылы сот төрелігін жүзеге асыруға негізделген.

Әксаумақтық соттылық – азаматтық және әкімшілік істердің белгілі бір санаттарын талапкер немесе жауапкер тұрған аумақтан тыс орналасқан соттың қарауына беру мүмкіндігін көздейтін құқықтық институт. Оның негізгі мақсаты – сот процестерінің ашықтығын арттыру, жергілікті ықпалдан қорғау және судьялардың бейтараптығын қамтамасыз ету.

Әксаумақтық соттылықтың басты ерекшелігі – істі басқа өңірдегі сотқа қарау мүмкіндігі. Бұл әсіресе мемлекеттік органдарға қарсы дауларда, қоғамдық маңызы бар істерде және төтенше жағдайларда туындайтын дауларда маңызды болып табылады. Мұндай рәсім тараптар теңдігін сақтауға, сот шешімінің әділ қабылдануына оң әсер етеді. Бұдан бөлек, әксаумақтық соттылық сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендетуге бағытталған. Белгілі бір өңірмен

тығыз байланысты тұлғалардың немесе ұйымдардың қатысуымен болатын істерді басқа аумақта қарау арқылы ықтимал қысым мен мүдделер қақтығысының алдын алуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, бұл тетік сот жүктемесін өңірлер арасында тең бөлуге септігін тигізеді. Кейбір соттардағы шамадан тыс көп істерді басқа аймақтарға беру арқылы азайтып, сот төрелігінің уақытылы жүзеге асуына жағдай жасалуда.

Яғни, әксаумақтық соттылық – сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтатын, әділ сотқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи құқықтық институт. Оның тиімді қолданылуы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды кепілі болып табылады.

А.ТУРАКБАЕВА,
Ақтау қаласы №2 соты
әкімшісінің басшысы

ЕЛДІҢ ІШКІ НАРЫҒЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА ҚАБІЛЕТТІ АЙМАҚ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Инвестиция –

өмір сапасына әсер ететін күш

Аймақта 10 айда 1,2 трлн теңге инвестиция тартылып, жаңа зауыттар ашылған. Бұл – сыртқы экономикалық байланысты дамытудың нәтижесі. Әрбір инвестор үшін арнайы экономикалық және индустриалды аймақтарда дайын алаңша қарастырылды. Олардың барлығы мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ салықтық жеңілдіктер де көзделіп отыр. Инвестициялық әлеует зерделеніп, облыс экономикасының дамуына тиімді серпін беретін, жалпы құны 2,6 трлн теңгелік 111 инвестициялық жоба пұлы әзірленген. Энергетика және ауыл шаруашылығын терең қайта өңдеу негізгі басымдық болып айқындалды. Жобаларды іске асыру нәтижесінде 24 мыңға жуық жұмыс орны ашылып, бюджетке қосымша 100 млрд теңге салық түседі деген болжам бар.

Биыл 340 млрд теңгеге 58 жобаны іске асырып, 8 220 жұмыс орнын ашу жоспарланды. Өткен 10 айда 41 жоба (180 млрд тг) іске қосылып, 5 322 жұмыс орны ашылды. Осы бағытта атқарылған жұмыс нәтижесінде өңір экономикасына 1,2 трлн теңге инвестиция тартылып, өсім 124,2 пайызды құрады. Бастысы бұл цифрлар Түркістанның баяғыдай ауыл шаруашылығына ғана сүйенетін өңір емес екенін көрсетеді. Бұл – өз экономикасын өзі құра алатын, жаңа өндіріс ашатын, елдің ішкі нарығын толықтыруға қабілетті аймақ.

Отандық өндіріске қолдау зор

Түркістан маңында отандық өндірісті дамыту және қайта өңдеуді қолдау мақсатында «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасы іске асырылуда.

– Өндірістік парк аумағында жиһаз, жаңбырлатып суғару, сусын, мұздатқыш және құрылыс заттарын шығаратын зауыттар ашылды. Отандық өндірісті дамыту есебінен 27 млрд теңгеге импорттық тауарларды алмастыруға қол жеткіздік. Алдағы уақытта бейнекамера, медициналық жиһаз, тұрмыстық химиялық бұйымдармен елімізді қамтамасыз етуге және экспортқа шығаруға мүмкіндік болады. Шағын өндірістік алаңдарды дамыту үшін жергілікті кәсіпкерлер белсенді атсалысуда. Біздің әрбір аудан мен қалада, халық тығыз орналасқан ауыл округтерінде өндірістік алаңдар құрылып, кәсіпорындар мен зауыттар ашылды, – деді Нұралхан Көшеров.

Осы жұмыстар нәтижесінде Сауран ауданында жеке инвестиция есебінен 5 шағын өндірістік алаң құрылды. Мұнда 30 млрд теңгеге 115 жобаны іске асырып, 1 124 жұмыс орнын құру жоспарланды. Бүгінгі таңда «Қарашық», «Иас-сы», «Шорнақ», «Үшқайық» және «Жүйнек» өндірістік алаңдарында 37 ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Ордабасы ауданында аумағы 10,5 гектар болатын «Темірлан» өндірістік алаңында 5 ғимарат салынууда. Жобаның мультипликациялық тиімділігін ескеріп, барлық ауданда осы тәжірибені енгізу жұмысы басталып кетті.

Түркістан –

жасыл экономика жақтаушысы

Жасыл экономика, оның ішінде балама энергия көздерін дамыту – ұзақ мерзімді тұрақтылық кепілі. Түркістан қажетті электр қуатының 75%-ын сыртқы көзден тасымалдауға мәжбүр. Көшеров мырзаның айтуынша, бұл мәселені шешу үшін, су және жел электр станцияларын көбейту бағытында инвесторлармен келіссөз жүргізіліп, маңызды жобалар іске қосылды. Мәселен, «Самұрық-Қазына» қорының көмегімен Сайрам ауданында қуаттылығы 1000 МВт болатын бу-газ станциясының құрылысы басталды. Құны 800 млрд

теңге бұл жоба келесі жылы іске қосылмақ. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы жеке инвестор есебінен Кентау қаласында қуаты 240 МВт болатын жалпы құны 155 млрд теңге газ құбыры станциясы салынады. Бүгінгі таңда конкурстық рәсімдер мен келісімшарт түзу жұмысы аяқталды. Нысан құрылысын 2 жылда аяқтау жоспарланған. Түлкібас ауданында 320 МВт болатын бу-газ және Сауран ауданында 485 МВт болатын 2 күн электр станциясының жобалары әзірленуде. Бәйдібек ауданында қуаттылығы 350 МВт болатын жел электр станциясының құжаттары рәсімделуде. Іске асыру мерзімі – 2026–2028 жылдар. Аталған жобаларды іске асыру есебінен экономикаға жалпы 1,8 трлн теңге инвестиция тартылып, 2,4 ГВт электр қуаты өндіріледі. Нәтижесінде өңір жаңа өндірістерді ашуға қажетті электр қуатымен қамтамасыз етіледі.

Аймақ ауыл шаруашылығы саласында көш бастан тұр

Түркістан облысы биыл ауыл шаруашылығында 1,1 трлн теңгенің өнімін өндірді. Бұл республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Облыс әкімінің айтуынша, агроөнеркәсіптік кешені саласында құны 295,5 млрд теңгелік 78 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

– Түркістан – ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы өңір. Біз өнімді шикізат күйінде сатып қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласында терең өңдеуге басымдық береміз. Атқарылған жұмыс нәтижесінде агроөнеркәсіп кешенінде экономикалық өсім қамтамасыз етілді, – деді осы орайда Нұралхан Көшеров.

Бүгінде облыста ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 355,5 млн АҚШ долларын құрап, 1,1 есеге артыпты. Жалпы өнім көлемі 182,5 млрд теңгеге ұлғайып, 1 трлн 86,9 млрд теңгеден асты. Бұл бойынша өңір республикада бірінші орында тұр.

Сонымен қатар өңірдің географиялық-климаттық ерекшелігіне сай мақта, ет және жүгері кластерін дамыту қолға алынды. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, мақтаның элиталық сорттарын өсіруді және шикізатты терең өңдеуді қамтитын мақта-тоқыма кластері құрылды. Мақта кластерінде 5 жобаны іске асыру нәтижесінде 7 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылып, 201 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланды. Осының арқасында мақта өнімділігі 2-3 есеге артып, жылына 229 мың тонна мақта өндіріледі. Биыл Отырар ауданында 32 мың гектар алқапқа жаңа әдіспен мақта егілді. Түсім өте жақсы болды. 2 мақта өңдеу зауыты іске қосылды. Жіп иіру фабрикасының құрылысы аяқталу сатысында. Сонымен қатар Орталық Азияда теңдесі жоқ 50 мың бас ірі қара мал бордақылау және ет өнімдерін терең қайта өңдейтін ірі кешендер, заманауи мал биржасы салынууда. Бүгінде «Kaz Eco Meat», «Turkistan Agro.kz» және «Бес қара» ет өңдеу кешендері іске қосылды. Бұл қосымша 35 мың тонна ет өңдеуге мүмкіндік береді. Жалпы кластерлік бағыт отандық терең қайта өңдеуді дамытып, шаруалардың өз өнімін кепілді түрде нарыққа сатуына мүмкіндік береді.

Тоқтөтерін айтқанда, Түркістанның экономикалық моделінде «өндіріс, кәсіпкерлік және инфрақұрылым» формуласы қалыптасып келеді. Бұл өңірдің ЖӨӨ құрылымындағы индустрияның үлесі артып, бюджет кірісінің көбеюіне ықпал етеді. Туризм мен қызмет көрсету саласы да жедел дамуда. Экономикалық тұрғыдан алғанда, қабылданған шаралар жүйелі болса Түркістан алдағы бес жылда елдің оңтүстігіндегі өндірістік және кәсіпкерлік белсенділіктің жаңа полюсіне айналады деген үміт бар.

А.ТҰРМАҒАБЕТОВА,
«Заң газеті»

ШЫМҚАЛА ИНВЕТОР ҮШІН ДЕ, ТҮРҒЫН ҮШІН ДЕ ТАРТЫМДЫ ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Шымкент инвестор үшін де, тұрғын халқы үшін де тартымды қалаға айналып келеді», – деді әкім.

Өңдеу өнеркәсібі – экономиканың драйвері

Соңғы үш жылда 150 млрд теңгенің 40 индустриялық жобасы іске қосылып, 2,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылған. Биыл іске қосылған ең ірі жобалар: QazAlpack – жылына 2,2 млрд дана алюминий құты шығаратын өндіріс, Sauran Bricks – 300 мың м³ газдалған бетон өндіретін жаңа зауыт. Инвестор қызығушылығын арттыру үшін қалада екі жаңа индустриялық аймақ салынып, тағы үш аймақ кеңейтілген. Алдағы жылдары бұл аймақтарда 900 млрд теңгенің 300 жобасы жүзеге асырылып, 13 мың жаңа жұмыс орны құрылмақ.

Ірі инвестициялар жылыжайлар, мұнай-химия, қалдықты энергияға айналдыру жобасына бағытталып отыр. Соңғы үш жылда Шымкентке 2 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Әкімдік әзірлеген жаңа пұлда 4,6 трлн теңгенің 221 жобасы бар. Ең ірі жобалардың бірі – Alsega KZ түрік компаниясының 650 гектар аумақтағы алып жылыжай кешені. Бүгінде оның алғашқы 42 гектары өнім бере бастады. Ал Шымкент МӨЗ 2030 жылға дейін қуатын 6 млн тоннадан 12 млн тоннаға дейін арттырғалы отыр.

Шағын және орта бизнес – негізгі қозғаушы күш

Белсенді кәсіпкерлік субъектілері 128 мыңнан 141 мыңға өсті. Биыл кәсіпкерлердің 1971 жобасы мемлекеттік қолдауға ие болды. Кәсіпкерлерге арналған 45 мың м² өндірістік алаң – «Промпарк» жобасы аяқталып, онда 50 шағын өндіріс орналасты. Осының арқасында тұрғындарды жұмыспен қамтуда да ілгерілеушілік бар. Атап айтқанда 34 мың адам тұрақты жұмыс тапты.

Осы тұрғыда үш ауысымды мектеп мәселесінің толығымен шешілгенін айтуға болады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жаңа мектеп құрылысының қарқыны жоғары. 12 жаңа мектеп ашылып, үш ауысым мүлде жойылды. Мектептердегі қауіпсіздік пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін қаладағы барлық білім ошағы интеллектуалды бейнебақылау жүйесіне (Айқын), тегін тамақтануды бақылайтын «Әлеуметтік әмиянға», үйірмелер үшін ваучерлік жүйеге, қаржыны ашық қадағалайтын «QARQYN» платформасына қосылды. Сонымен қатар Президент резиденциясының ғимараты балалар лагеріне айналды.

Үш жылда қалада 14 жаңа медициналық нысан ашылды. Емханалардың жүктемесі азайды. Жедел жәрдем бөліміне 40 жаңа көлік алынып, екі аурухана күрделі жөндеуден өтті. 150 орындық оңалту орталығының құрылысы жүріп жатыр, ал жаңа перзентхана жобасы дайын.

Жолдар

рекордтық көлемге жетті

Бытыр 270 км жол салынып, биыл 1000 км жол жөнделіп, оның 97%-ы аяқталды. Бұл – Шымкент тарихындағы ең ірі инфрақұрылымдық серпіліс. Қала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түнгі жарықтандыру мәселесі де өзекті болып тұр. 2023 жылға дейін жыл сайын 9714 көшенің 115 көшесі жарықтандырылған. Соңғы екі жылда осы бағыттағы жұмыстар 40 есе ұлғайтылып, 4686 көше жарықтандырылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 100%-ға дейін жеткізілмек.

Шымкентте биыл 45 жаңа сквер жасалып,

олардың жалпы саны 90-ға жетті. Қошқарата өзені абаттандырылып, қалада алғашқы лазерлік-отты шоу фонтандары іске қосылды. Бұрынғы 45 гектарлық қоқыс полигонының орнында экосаябақ салынып жатыр. Онда амфитеатр, жасанды көл, спорт аймақтары бар.

«Бадам» су қоймасының жағалауында «Omīr Shymkent» экотуризм жобасы жүруде.

Жол қиылыстарындағы интеллектуалды бағдарламалар (331 нүкте), заңсыз құрылыс пен қоқыс орындарын анықтайтын дрондар жүйесі, 4 425 камера, QR-код арқылы ұсыныс жіберу платформасы – Шымкентті «ақылды қала» форматына жақындатқан нақты қадамдар. Әкімнің айтуынша, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты бойынша қала тұрғындарының әр ұсынысы есепке алынады.

Халықтың тұрмысы тұрақты назарда

Шымкент халқы тұрмысының сапасын арттыру мақсатында инженерлік және жол инфрақұрылымын дамыту, баспанамен қамту, экологиялық таза орта құру бағытында жұмыс та белсенді атқарылуда. Мәселен, «Қызылжар-2», «Ақжайық», «Тұран» шағын аудандарында 11 мыңға жуық халық таза ауыз сумен қамтылды. Демеушілер есебінен ұңғыма арқылы су ішіп отырған Текесу және Айкөл елді мекендеріне 32 шақырым су құбыры тартылып, орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Өңірдегі электр энергиясы тапшылығын азайту мақсатында «Қазығұрт» қосалқы станциясының қуаттылығы ұлғайтылып, 40 мыңға жуық тұрғын мен өндіріс орындарын үздіксіз электр энергиясымен қамтуға мүмкіндік туды.

Десе де өңірге инвестиция тарту үшін инженерлік желілердің қуаттылығын әлі де арттыру қажет. Ол үшін «Қызылсу» қосалқы станциясын салу жоспарда бар. 6 қосалқы станция және 3 газ тарату станциясын салу қолға алынды. Жылумен қамтуда пилоттық жоба ретінде акустикалық резонанс әдісіндегі жасанды интеллект арқылы роботтық кешенді қолдана отырып, жылу құбырларына диагностика жүргізілді. Ол құбырларды дәлдікпен сканерлеу арқылы қауіпті учаскелерді анықтап, жөндеу шығындарын 75%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ жергілікті әуежайдың жаңа ұшу-қону жолағын салу жұмыстары басталды. Бұл жолақ қаланың логистикалық әлеуетін арттырып, өңірлік хаб ретінде дамуына серпін береді.

Биыл Шымкентте 1 млн 375 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделген. Оның 982 мың шаршы метрі берілді. Дегенмен, халық саны ұлғайғандықтан, қазір тұрғын үй кезегінде 90 мыңнан астам халық тұр. 3808 пәтерлі 61 әлеуметтік тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін 2574 пәтерлі 34 тұрғын үй пайдалануға беріледі. Әлеуметтік осал топтарға 1523 пәтер сатып алынды.

Брифингте айтылған деректер Шымкенттің тек бүгінгі емес, ертеңгі келбетінің де айқын екенін көрсетеді. Қала – инвестиция келетін, жұмыс орындары ашылатын, мәдениеті жаңғырған, инфрақұрылымы жүйелі түрде жақсарып келе жатқан үлкен мегаполис.

Шымқаланың тыныс-тіршілігімен жан-жақты таныстырған әкім Фабиат Сыздықбеков: «Біздің басты мақсат – Шымкентті өмір сүруге жайлы, инвестиция салуға тиімді қала ету. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасады» деп сөзін қорытты.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



ТІЛГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің құқықтық даралығының маңызды элементі. ҚР Конституциясы Мемлекеттік тілдің бірлігі қағидатын бекітеді және тілдік көптірлікті құрметтеуге кепілдік береді. Бұл тепе-теңдік, тілді құқықтық реттеу міндеттері теңдікті, тұрақтылықты және этносаралық келісімді қамтамасыз етумен байланысты болатын конституциялық құқықтық тәртіп үшін ерекше маңызға ие.

Қазақстан Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің қатысушысы болып табылады, бұл құжаттың 27-бабы этникалық және тілдік азшылықтардың ана тілін пайдалану құқығын бекітеді. Сонымен қатар, Қазақстан ЮНЕСКО-ның 2005 жылғы мәдени көрініс нысандарының әртүрлілігін қорғау және көтермелеу туралы конвенциясына қосылды. Бұл халықаралық міндеттемелер ұлттық заңнамаға енгізілген және оларды соттар мен мемлекеттік органдар үшін құқыққолданушылық тәжірибеде ескеру міндеті де бекітілген.

ҚР Конституциясының 7-бабына сәйкес қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебені бекіту оны заңнама, мемлекеттік әкімшілендіру, сот ісін жүргізу және ресми іс жүргізу саласында қолдануды көздейді. Аталған қызметте мемлекеттік тіл Республиканың бүкіл аумағындағы мемлекеттік және қоғамдық институттарда коммуникацияның әмбебап құралы ретінде әрекет етеді. Сондай-ақ, аталған баптың 2-тармағында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы да бекітілген. Бұл еліміздегі көпұлтты қоғамда этносаралық келісімді қолдау құралы болу қажеттілігімен байланысты. Мұндай конституциялық ережені енгізу ұлттық даналықтың көрінісі болды: қазақ тілі егемендік пен мемлекеттілікті бекітеді, ал орыс тілі этносаралық келісімді сақтауға көмектеседі және азаматтардың тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Мұндай формула бізге Қазақстан халқының тілдік және мәдени алуан түрлілігін құрметтей отырып, біртұтас болуға мүмкіндік береді.

Дей тұрғанмен, мемлекеттік тілді меңгеру ұлтына қарамастан, елдің әрбір азаматының міндеті ретінде қарастырылады, өйткені ол қазақстандық қоғамды шоғырландырудың негізгі факторы қызметін атқарады. Сонымен қатар, Конституцияның 14-бабы тіл белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу қағидатын бекітеді.

Бұл нормалар мемлекеттік тіл арқылы бірліктің және басқа тілдерді тану және қолдау арқылы көптірліліктің үйлесімінің бірегей моделін жасауға ықпал етеді. Елдің негізгі заңында бекітілген кепілдіктердің нақтылануы мен іске асырылу механизмін мемлекет салалық заңдарда нақтылай отырып, Қазақстан халқының тілдерін дамытуға қамқорлық жасайды.

Қазақстан халықтарының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасау мемлекеттік саясаттың басымдықтарының қатарына жатқызылған. Мемлекеттік тілді дамыту және дәйекті тіл саясатын жүргізу ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттілікті нығайтудың қажетті шарттары деп танылады. Қазақ тілін жаңғырту, мемлекеттік тілдің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту, Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту бағыты бойынша мемлекеттің тілдік саясатын жетілдіру мақсатында Қазақстанда тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын. Бұл мемлекеттік бағдарлама этникалық топтардың тілдері мен мәдениетін өркендетуге, сондай-ақ ел азаматтарының лингвистикалық капиталын дамытуға қажетті қолайлы алғышарттарды қалыптастыруға негіз болды.

ҚР Президенті 2022 жылғы 19 қазанда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысында тіл саясатының ерекше рөлін бірнеше рет сөз етті. Сонымен қатар тіл мәселесі саяси ойындардың тақырыбына айналмауы тиіс екенін және қазақ тілінің қолданылу аясының кеңейуімен бірге басқа тілдерден бас тартуға болмайтынын атап өтті. 2024 жылғы



Алия БЕРДІБАЕВА,
ҚР Конституциялық Сотының
талдаушысы

наурызда өткен тіл және мәдениет мәселелеріне арналған қоғамдық-саяси пікірталас аясында Президент азаматтарды инклюзивтілік пен өзара сыйластықты сақтауға шақырды, орыс тілінің айналасындағы жасанды ашу-ызадан сақтануға шақырды. Ол 2025 жылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында ешкімнің азаматтарға қарым-қатынас тілін енгізуге құқығы жоқ екенін және бұл мәселе бойынша кез келген арандатушылықтың жолын кесетінін айтты. Мемлекет басшысы қазақ тілі сәнге айналып, өзекті болып келе жатқанын атап өтіп, қазақтілді мұғалімдердің мәртебесін көтеруді талап етеді.

Бұл талаптардың барлығы адам мен азаматты басты құндылығы етіп қоятын көпұлтты мемлекетімізде әрбір азаматтың ойын білдіруді, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүгінуде, өзге де құқықтық маңызы бар және жәй ғана қарым-қатынаста конституциялық құқықтарының шектелмеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанның 1997 жылғы 11 шілдедегі «ҚР Тіл туралы» заңы конституциялық ережелерді іске асыру тетігін нақтылайды, билік органдары үшін мемлекеттік тілді меңгеру міндеттілігін бекітеді және сонымен бірге азаматтардың ана тілін пайдалану құқығына кепілдік береді. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы «ҚР Конституциялық Соты туралы» заңы тілдік кепілдіктер бұзылған жағдайда азаматтардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Конституциялық Сот заңнама нормаларын Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан, оның ішінде тілдік құқықтарды іске асыру бөлігінде тексеруге құқылы.

Еліміздегі тілдің көптірлілікті ескере отырып, азаматтардың теңдік құқығын қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық Сот конституциялық іс жүргізуге қатысатын және оның тілін білмейтін адамдарға ана тіліне не олар білетін өзге тілге аударуды қамтамасыз етеді. Мұндай қатысушылар көрсетілген тілде түсініктеме беруге, ал есту қабілеті нашар адамдар үшін аудармашының не жетестеу тілі маманының қызметтерін пайдалануға құқылы.

Қазақстанның тіл саясаты «көптірлілік арқылы бірлік» қағидатын көрсетеді. Конституция мен заңдар ұлттық егемендіктің символы ретінде мемлекеттік тілдің үстемдігін қамтамасыз етеді, сонымен бірге көп тілді қоғамды құрметтеуге кепілдік береді. Халықаралық міндеттемелер тілдік құқықтарды қорғаудың құқықтық негізін күшейтеді. Конституциялық Сот және жалпы юрисдикциядағы соттар Конституциялық құқықтық тәртіпті нығайтатын және этносаралық келісімді сақтайтын құқықтық тетік құру арқылы тепе-теңдікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.



Биыл еліміздің тәуелсіз ел атанғанына 34 жыл толып отыр. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы елдер өз алдына жеке мемлекет болып шыға бастады. Солардың арасында Қазақстан да бар еді. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заң қабылдады. Сол сәттен Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталды.

ТӘУЕЛСІЗДІК – АЙБЫНЫМ!

1993 жылы еліміз төл валютасын қолданасыққа енгізді. Мемлекеттік рәміздерін бекітті. Ядролық қарудан бас тартты. Шекарасын шегендеп, жаңа астанасын салды. Яғни, осы жылдар ішінде еліміз өз сара жолын тапты. Халықаралық бастамалармен бірге, әлемдік деңгейдегі іс-шараларды, дүниежүзілік адамзаттық маңызды форумдарды да жоғары деңгейде ұйымдастыратын жұрт екенімізді таныттық. Бүгінде Қазақстан – БҰҰ-ның толыққанды мүшесі, Еуроодақ, МАГАТЭ, ЮНЕСКО және басқа да аса ықпалды халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты белсенді түрде нығайтып отыр. Олардың қатарында ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ, ТМД, ЕАЭО, ҰҚШҰ, ЭЫДҰ секілді беделді халықаралық ұйымдар бар. Бұл үлкен абырой. Ендігі күннің міндеті ретінде мемлекетіміз Мәңгілік Ел болу идеясына бет бұрды. Иә, бұның бәрі тек тәуелсіз, егемен елдің ғана қолынан келеді, бұл дербес-

тіктің, тәуелсіздігіміздің арқасы.

Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық жәй ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі күдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан үшін ХХІ ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үздіксіз тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек.

Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін оның өз заңдары мен талаптары болуы қажет. Осы негізде Ата Заңымыз қабылданып,



А. ШАМУРАТОВ,
Алматы облысы Қонаев
қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

заңға сүйене отырып қоғамдық келеңсіздіктерді реттейтін, адам құқықтарын қорғайтын заң жобалары жасала бастады. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді, өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарып, саяси және мәдени қатынастар да үдей түсті. Еліміздің барлық сала қызметкерлеріне шет елдің түрлі мамандарымен тәжірибе алмасуға жағдай жасалды. Осының бәрі тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады. Көк туымыз көкте қалықтаған, ынтымағы жарасқан ел болайық!



СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ ДАУ КӨП

Сот орындаушыларының қызметін жүзеге асыру «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңымен реттеледі.



Алайда, сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне қатысты даулар туындаған кезде азаматтар мен заңды тұлғалар қалай шағымдануы тиіс?

Бұл – әкімшілік тәртіптен шешілетін мәселе. Жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне дау айту туралы талап қоюлар ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарда қаралады.

ӘРПК-нің 136-бабына сәйкес сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне талап қою әрекет жасалған күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі. Егерде талап қоюшы заңда белгіленген мерзімді өткізіп алса сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

«Әкімшілік істер бойынша сот шешімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 5 нормативтік қаулысының 13-тармағына сәйкес ӘРПК-нің 136-бабы талап қою түріне, талап қою нысанасына және оларды санамалау тәртібіне байланысты талап қоюды беру мерзімін көздейді.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін сот әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін алдын ала тыңдауда анықтайды.

Талап қоюды беруге арналған мерзімінің сақталуын дәлелдеу және талап қоюды беру мерзімін өткізіп алудың дәлелді себептерінің бар-жоғына дәлелдер ұсыну міндеті талап қоюшыға жүктеледі. Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот АПК-нің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Сот орындаушыларының әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер бойынша алдын ала тыңдау сотқа талап қою берілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады (ӘРПК-нің 143-бабы). Азаматтар мен ұйымдар сотқа дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау және тану туралы талап қоюлармен жүгіне алады:

- ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің

толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабымен дау айту туралы талап қою арызын беруге құқылы;

- мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бас тартуға дау айту туралы жеке талап ету қажет етілмейді;

- әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі мүмкін;

- тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы, егер ол дау айту, мәжбүрлеу және әрекет жасау туралы талап қоюды бере алмаса, қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін.

Сот орындаушысының әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер оған сот отырысында талқылау тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады және шешіледі. Егерде талап қоюшы соттың шешімімен келіспейтін болса ӘРПК-нің 168-бабының талаптарына сәйкес сот орындаушыларының әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағым, шешім жария етілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей дайындалатын түпкілікті нысандағы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

ӘРПК-нің 171-бабына сәйкес соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша сот шешімін, сот белгілеген өзге де мерзімдерді қоспағанда, ол заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс.

Шешім дереу орындалатын жағдайларды қоспағанда, ол заңды күшіне енгеннен кейін орындалады. Жалпы алғанда, сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне шағымдану тәртібі азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің тиімді құралы болып табылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген мерзімдер мен процессуалдық талаптарды сақтау – әкімшілік әділдікті қамтамасыз етудің және сот төрелігінің тиімділігін арттырудың басты шарты. Сот практикасы көрсеткендей, мұндай санаттағы істердің уақытылы әрі объективті қаралуы азаматтардың сот билігіне сенімін нығайтып, атқарушылық іс жүргізу жүйесінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, сот орындаушыларының қызметіне қатысты шағымдану институты құқық үстемдігін орнықтырудың және әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Б. КАЛИЕВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

БҮЛІКТІ БАСҚАН ГЕНЕРАЛ

(Ұлы отан соғысының ардагері, генерал Н.Алмағанбетов туралы ой)

Қасым ақын айтқандай «Күндей күркіреп өткен соғыстың» біткеніне биыл 80 жыл толды. Сол соғыстан зардап шекпеген адам жоқ болар, сірә. Зұлматта етігімен су кеше жүріп қанқұйлы жауға қарсы тұрған Сыр бойылықтардың бірі – Нұрылда Алмағанбетовтің өмір жолы кейінгіге өнеге.

Ішкі істер қызметінің генерал-майоры атанған ол 1919 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Қызыл Ту ұжымдарында өмірге келген. Ата-анасынан ерте айырылып, жетім қалған жасөспірім жеті жылдық мектептен соң Қызылорда қаласына келіп, медицина училищесіне оқуға түседі де оны мерзімінен бұрын үздік бітіреді. Ұстаздары осы салаға аса ықыласты, жайдары мінезді жас жігіттің болашағын үлкен үміт күтті. Кейін оны тағдыры тіпті басқа салаға қарай бұрарын ол кезде ешкім білген жоқ.

Қазақ сарбазы алғы шепте

Ізденімпаз жан денсаулық сақтау саласында тәжірибе жинай жүріп «Аудан денсаулық сақтау бөлімі меңгерушілерінің» курсы бітіреді де, Алматы қаласы Каганович аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Міне, осы тұста оның іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеті танылып, ел құрметіне бөленді, басшылар назарына ілікті. Оның медициналық жоғары білім алу мақсатының орындалуына да қол созым қалған, алайда, әскер қатарына шақыру алуы мұны кейінге қалдыру керектігін көрсетті.

Оның Кеңес әскеріндегі қызметі 1938 жылы, 83 таулық атқыштар дивизиясының 150 таулық атқыштар полкіне қатардағы жауынгер болудан басталады да саяси жетекшілер дайындайтын 2 жылдық кешкі курсты бітіріп, запастағы рота саяси жетекшісі әскери мамандығын алады. Міне, осылай басталған әскери өмір тоғыз жылға созылды.

1939 жылы Кеңес Одағы мен Финляндия арасында әскери қақтығыс басталып, ол сонда аттанды. Рота саяси жетекшісі, яғни, офицерлік шені болғанына қарамастан ол әуелі атыс нұктелерін (ДОТ, ДЗОТ) анықтайтын, «тіл» әкелетін және де басқа барлау-ізвестіру міндеттері жүктелген 42-дербес кавалериялық барлау эскадроны құрамында болады. Жараланған соң 10-дербес бронепойыздың аға әскери фельдшері – құрам бастығы қызметін атқарды. Қызмет таңдамайтын қазақ жігіті 1939 жыл мен 1947 жылдар аралығында үнемі алғы шепте болған екен.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде ол Орта Азия әскери округінің 58-атқыштар корпусы құрамында қызмет атқарып, аға әскери фельдшер әскери шені беріледі де, сол жерден Ақтөбе қаласында жаңа құрылып жатқан 101-дербес Қазақ атқыштар бригадасына жіберіледі. Ұлы Отан соғысына ол 1941–1945 жылдар аралығында қатысады.

Ерлік ұмытылмайды

Н.Алмағанбетовтің майдандасы Кәкен Әбенәт естелігінде 101-бригада командирінің орынбасары майор Мұса Сәдібековтің 1942 жылы 24 желтоқсанда Қызылорда облыстық партия комитетіне жазған хатынан үзінді берілген. Хатта Н.Алмағанбетовтың жанқиярлық ерлігі, жараланған 30 жауынгерді оқ ортасынан жеке өзінің алып шығып, ажалдан араша лап қалғаны, сол ерлігі үшін орденмен марапатталғаны баяндалды. Естелікте автор өздері далалық госпиталь атаған палаткалардан тұратын дәрігерлік орынның алғы шептен бар болғаны 150–200 метр жерде ғана тұрғанын жазған.

Ржев шайқасында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін лейтенант Н.Алмағанбетов «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. «Ржев шайқасындағы» шайқастан соң 101-бригада 1943 жылдың наурыз айынан Батысқа бет алып, жау басып алған Беларусь территориясына кірді де, 47-Невель атқыштар дивизиясы құрамына қосылды. Бұл дивизияда Н.Алмағанбетов санитарлық рота командирі ретінде шартты түрде «Багратион» аталған Бе-

ларуссияны жаудан толық тазарту әскери-стратегиялық операциясының жүзеге асуына атсалысты. Полоцк үшін болған ұрыстағы ерлігі үшін Жоғарғы Бас қолбасшы И.В.Сталиннің 1944 жылғы 4 маусымдағы бұйрығымен оған Алғыс жарияланып, «Ерлігі үшін» медалі табысталды. «Жау оғының астында, миналар мен снарядтар жарықшағы тесіп, жырттып кеткен палаткаларда әскери медиктер өз жұмысын жалғастыра берді», – деп еске алған оның полктысы, отставкадағы полковник Кәкен Әбенәт: «Әр жауынгердің өмірі үшін күресте Нұрылда ағамыз ұйқысыз, демалысыз медициналық көмек көрсетті. Жүктелген міндетті орындау үшін «тіл» әкелуге арнайы команда жасақталса болды, қолға түсіру тобы құрамына бірінші болып Алмағанбетов сұранатын. Мұндай операцияларға командование оны жиі таңдайтын, себебі, олар оның Фин соғысындағы бай жауынгерлік тәжірибесін білетін еді. Нұреке осындай батыл, батыр және жарқын» адам еді», – дейді.

Жеңісті жақындатқандар

Естеліктерде Н.Алмағанбетовтың жанқиярлық ерлік істері, жауынгер өмірі үшін күресте түскен сәттері аса құрметпен көрсетіледі. Солардың бірінде мына жайт баяндалады. 1944 жылғы сәуірде 101 атқыштар бригадасының бір батальоны Витебск тас жолының бойында орман арасындағы биіктікті алу үшін қайта-қайта шабуылға шығады. Көптеген адам оққа ұшып жатады. Осы бір сын сағатта жалағаштық Досбол Қуаңбаев басқарған взвод жауынгерлері межелі жерге жетіп, ату ұясын жойып, бірнеше жаудың көзін құртып, біразын тұтқынға алады. Кенеттен жау минометтері оқ жаудыра бастайды да, бұлар қайта шабуылға шығады, осы кезде бір жарықшақ Қуаңбаев Досболдың сол қолына тиеді және ішек-қарнын ақтарып жібереді. Досбол ет қызуымен ішек-қарнын оң қолымен жинап алып ішіне қайта тығып, ішін қолымен баса ілгері ұмтылады. Алайда, бір уақытта есінен танып құлайды. Майдан даласында жаралы жауынгерлерді жинап жүргендер оны дала госпиталіне алып келеді. Госпиталь палаткасы ішінде көзін ашқан кезінде ол дәрігер Нұрылда Алмағанбетовты таниды да қайта есін жоғалтады. Ал дәрігер болса операциядан кейін ғана өзі өлімнен арашалап қалған солдаттың жақын туысы Досбол екенін біледі.

Жеңіс күніне дейін мұндай қаншама шайқастар болды десеңші. Ұлы Отан соғысы кезінде алған көптеген жарақаттар мен контузия оны ІІ топтағы мүгедектікке әкелді. Соғыс біткенінен Н.Алмағанбетов ротаның бүкіл басшы құрамымен бірге Германиядағы әскери әкімшілік қарамағына жіберіледі. Шығыс Германияның қалалары мен аудандары, аймақтары бойынша әскери әкімшілік қызметін құру басталды. Оған Кетен қаласындағы (Оңтүстік Саксония аймағы) әскери комендатурада қызметін жалғастыруға бұйрық беріледі. Осылайша ол Ұлы Отан соғысы біткен соң екі жыл Кеңес армиясы қатарында болып, әуелі саяси жетекші (Мәскеуден ауыстырушы келгенше), сонан соң аға медфельдшер лауазымында медициналық қызметті басқар-



ды. Ол кезде Шығыс Германиядағы жергілікті өкіметтің барлық қызметі кеңес әскерінің Әскери Әкімшілігі тарапынан бақылауда болды.

Соғыс жеңіспен аяқталғанына қарамастан бұл кезде Германияда тұрған әскер құрамы үшін ол жалғасып жатқан еді. Әр кезде де өзінің тұтқиылдығымен, опасыздығымен ерекшеленетін ұрыстар көшелерде болып жатты, жауынгерлердің жаралануы, өлуі әлі де жалғасып жатты. Н.Алмағанбетовке 25-26 жасында комендатура саяси жетекшісі, кейіннен медициналық қызмет жетекшісі ретінде өте қиын әскери, медициналық, тұрмыстық, экономикалық және саяси міндеттерді жүзеге асыруға тура келді. Қай кезде де ол іске жаяуапкершілікпен қарады, өз жұмысын абыроймен атқарды.

Әскерден босағасын 1947 жылы Қызылорда қаласына келген ол өзінің сүйікті мамандығы – бейбіт медицина саласындағы қызметке кірісті, облыстық денсаулық сақтау бөлімі эпидемияға қарсы секторының меңгерушісі болды.

1948 жылы Н.Алмағанбетов әуелі облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, сонан соң Қызылорда қалалық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарады. Мәскеу қаласындағы СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін үздік бітірген соң ол стратегиялық нысан – Сырдария өзеніне салынар бөгет құрылысына СОКП ОК парторгы қызметіне бекітіледі. Бұл өте жауапты қызмет еді. Оған айрықша экономикалық және стратегиялық маңызға ие құрылыстың созылып кеткен жұмысын реттеу, бөгет құрылысын қысқа мерзімде аяқтау міндеті жүктелді. Бос жатқан жерлерді қамту суармалы егіс көлемінің ұлғаюы тек жетілдірілген инженерлік ирригациялық жүйені жасау ғана емес, толық жабдықталған кеңшар поселкелерін салуды, оларды автожолдармен, байланыс және электр линиясымен қосуды және де басқа проблемаларды шешуді қажет етті. Сол сияқты тұрғындардың өмір сүруі үшін жағдай жасау, коммуналдық-тұрмыстық жүйе құру, жалпы білім беретін орта мектептер, балалар мекемелерін, сауда орталықтарын, клуб пен кинотеатр және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салу қажет болды. Н.Алмағанбетов бұл міндетті абыроймен атқарды. 1956 жылы тапсырманы табысты орындаған соң, бөгет пайдаланылуға беріліп, тұрғындар өмір сүруіне жағдай жасалған соң ҚКП ОК шешімімен мемлекеттік қауіпсіздік органдары партиялық кадрлармен нығайту мақсатында Н.Алмағанбетов Шығыс Қазақстан облысполкомы

жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалады.

Бұл қызметті ол алты жыл атқарады және Мәскеу қаласындағы МКК (КГБ) жоғары мектебінің жылдық курсы бітіреді. Өзінің лауазымдық қызметімен қоса ол бұл тұста Қазақстан КП Өскемен қалалық комитетінің мүшесі және қалалық кеңес депутаты ретінде облыс пен қала өмірі дамуына белсене араласады. Н.Алмағанбетов СОКП ОК Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысының Шығыс Қазақстан облысында жүзеге асуында, сондай-ақ партия-кеңес органдары жүргізген шаруашылық және саяси шаралардың барлығында өзінің мол тәжірибесін белсенді пайдалана білді.

«Министрлік ішіндегі министрлік»

1960 жылдары ІІМ орталық аппаратын сенімді, сауатты кадрлармен нығайту қажеттігі туындады. Бұл талапқа полковник Н.Алмағанбетов сай болып, 1962 жылы тамызда 43 жасында Қазақстан КП ОК және республика Үкіметінің шешімімен және КСРО ІІМ келісімімен ол Қазақ КСР Ішкі істер министрінің орынбасары қызметіне тағайындалады.

Н.Алмағанбетов 19 жылдан аса тек өте күрделі ғана емес, өте ауқымды бағыттарға – ЕТМББ (ГУ-ИТУ), Құрылыс басқармасы, Тергеу басқармасы, СМТК (БХСС) және өрт күзеті қызметтерінде жетекшілік жасады. ІІМ қызметінде ең қиын бағыт еңбекпен түзеу мекемелері (ЕТМ) (ИТУ) тіршілігін барлық жақтан қамтамасыз ету және оны ұстап тұру болды. Өзінің колонияларымен, шаруашылық базаларымен, сотталғандар мен ЕТМ қызметкерлерімен, құқық қорғау саласының қызметкерлері ғана емес халық шаруашылығының түрлі салалары мамандарын қамтитындығымен ерекшеленетін құқық қорғау қызметінің осы бір саласы «министрлік ішіндегі министрлік» аталатын.

Мүмкін, сотталғандарды қайта тәрбиелеуде тұтас, керемет жұмыс жасайтын жүйені құруда Н.Алмағанбетовке су электр стансасы құрылысын ұйымдастырудағы бұрынғы жинақталған тәжірибе, оның экономикалық-саяси білімі және мінезінің өзіндік қырлары көмектескен болар. Қылмыскерлерді қоғамға қауіптілігі деңгейін және мінезін, сотталғанның жеке тұлғасын есепке ала ұйымдастыру – айрықша маңызды және өте күрделі міндет. Алайда ол қылмыскерлерді өндіріске тартуға, республиканың барлық колонияларында өндіріс орындарын ашуға қол жеткізді: материалдар өндіру, түрлі тауарлар өндіру, жиһаз жасаудан бастап поселкелер, үйлер, қалалар құрылысын салу, кейіннен бидай өсіретін, бақша өнімдерін өсіретін егіс алқаптарын жасау және өнімдерді басқа елдерге шығару, т.б. жұмыстар жүзеге асты. Бұл істерді жүзеге асыру оңай шаруа емес еді, мұнда да Нұрылда Алмағанбетовтың алғырлығы, іскерлік қабілеті, адамға деген құрметі айрықша көрінеді.

Ішкі қызмет ардагері, полковник Закуан Исмагилов естелігінде министр орынбасары генерал Н.Алмағанбетовтың әр кез өзін ұстай алатыны, салмақтылығы, іскерлігі, қызметтестерге деген ықыласы, шынайы азаматтығы баяндалады. «Бір төтенше жағдай туралы айтқым келеді», – дейді ол: «Бұл ЧП өте күрделі әрі өте қауіпті еді. Осыны жоюда Н.Алмағанбетовтың көп қырлы тұлға, кәсіби маман, сезімді мөлдір, ары таза, жан дүниесі көркем жан екенін көрдім.

1970 жылдары Өскемендегі жасөспірім қылмыскерлерге арналған колонияда бірнеше рет сотталғандар тобы бастап ішкі күзет қызметкерлерін қарусыздандырып, қашу мақсатында тәртіпсіздік ұйымдастырады. Генерал Н.Алмағанбетов хабар тиген бойда бірнеше коллегия мүшелерімен сонда ұшып барады. Қарсыласу екі күнге созылды, сотталған балалар-

дың агрессиясы күшейе түсті. Қыс өте қатты еді. Милиция мен әскер күші арқылы колония қоршауын бұзып шығу тоқтатылды, бірақ, әлгілер бұл әрекеттерін қайталай берді. Сотталғандар тіпті ақылға келер емес, келісім мақсатындағы әрекет нәтиже бермеді. Олардың біразында қару болды, күзетшілерден тартып алынған қарулармен қатар, олардың өздері жасырын дайындаған қарулар да аз болмай шықты. Генерал бүлікті ішкі қызмет күшімен басуға қарсы болды. Жағдай ұшыға түсті. ОАӨО командашысы армия генералы Лященко танкілерді жақындатуға бұйрық берді. Осы кезде бүлікшілер өз талаптарын қоя бастады, алайда, оны орындау мүмкін емес еді. Бұдан соң олар өздерімен кездесуге қарусыз генерал келуін талап етті. Н.Алмағанбетов кездесуге бару керектігін, қалайда қан төгуге жол бермеу керектігін, олардың қылмыскер болғанын әлі бала екенін, кепілде отырғандар жағдайы туралы хабар жоқтығын айтты. Бөлмеде ауыр тыныштық орнады, басқаруға көнбейтін, ештемені тыңдамайтын қарулы жүздеген жасөспірім қылмыскерлермен кездесуге кім өмірін тәуекелге байлап, басын тіге қояр дейсің. Осы кезде Н.Алмағанбетов өзі баратынын мәлімдеді. Басқа да генералдар бар ғой, кейбіреулер оны бұл шешімнен қайтуға үгіттеді».

Қауіпті келіссөз

Біз ойымызға дәйек ретінде орыс тіліндегі естеліктен үзінді бере өткенді жөн санадық. «...Генерал стали отговаривать, предлагая другие возможные варианты, но он их отклонил из-за возможности человеческих потерь, он сказал: «... проблема в том, что мы можем подавить мятеж, и подавили бы давно, но мы должны не подавить детей, а вразумить их, наставить их на путь правильных поступков и выбора...». Штаб принялся разрабатывать стратегию по разным направлениям и вариантам возможных событий во время переговоров, расстановки сил, сигналов и других элементов операции. Подготовка была окончена, и Нурулда Алмағанбетов пересек заграждение и вступил на территорию колонии вместе с солдатом. Они встали перед входом в здание, он разделся до рубашки, передал обмундирование солдату и велел ему покинуть территорию. Через некоторое время к нему вышли вооруженные преступники, обыскали его, и он скрылся под прицелом их оружия за дверями корпуса...»

Бұдан соң естелікте қақаған аязда көйлекпен кеткен генералдың не болғанын білмей өздерінің қиын сәтті басынан өткергендерін, қауіп өте күшті болғанын, келіссөздің төрт сағаттан арыға созылғанын жазып, бір кезде оның шығып келе жатқанын көрген сәттегі толқуын айтады. Бұл кезде бүлікшілер бері шығып, қар үстіне қаруларын тастай бастаған, ал, генералдың ізімен кепілде ұсталып отырған күзетшілер келе жатады. Қақаған аязды соғып тұрған қатты жел күшейте түскен, бірнеше адам генералға шинель жаппаққа ұмтылады. Ол болса қолымен белгі бере тоқтатып, ең соңғы кепілге алыншы бұлардың тобына қосылғанда барып шинельге қол созады. Ал кетіп бара жатып: «Барлығын тамақтандырыңдар және бәрін ретке келтіріңдер!», – деп бұйрық береді.

Осы естелікті жазушы генералдың әрекетіне таңқала: «Без единого выстрела, жертв, кроме синяков у охран, бунтовщики отозвали все свои требования и сдались. Какими нужно обладать способностями и личностными качествами, чтобы остановить, переубедить и как сказал генерал «Наставить на путь правильных поступков и выбора», разъяренных, неуправляемых подростков и где найти такие слова? Какой нужно обладать смелостью и самообладанием, чтобы по доброй воле предстать под прицел боевого оружия с одной целью – спасти их?» – деп тәнті болады.

Иә, генерал Н.Алмағанбетов адам өмірі үшін күресті ұстанып еткен қыран тектес тұлға еді. Аса маңызды партиялық тапсырмаларды орындағаны және мұнда кәсібилік танытып, өзіне жүктелген міндетті қалтқысыз атқарғаны үшін оған КазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы төрт рет берілді, ол «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері.

Сыр перзенті Н.Алмағанбетов зейнетке 1980 жылы шықты, 1991 жылы желтоқсанда өмірден озды. Ол туралы естеліктер жинағы шықты, жаны жайсаң азамат туралы әлі талай туындының өмірге келері де анық.

Алдажар ӘБІЛОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ҒЫЛЫМ КҮШІ

Ақмола облысы – табиғаты қатал, астық шығымдылығы жыл сайын құбылмалы болатын аймақтың бірі. Бірақ ғылыми негізделген тәсілдер арқылы мол өнім беруге қабілетті өңір. Жауын-шашын көлемі шектеулі болғандықтан, дала жағдайында кең алқаптан түсетін әр центнер астық өнімі – ғылыми дәлдік пен шаруашылықтар іскерлігінің тікелей нәтижесі десек артық айтпаспыз.

МОЛ ӨНІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ҚҰПИЯСЫ



– топыраққа тыңайтқышты «көп болса жақсы» деген ескі қас-саң көзқарасты ысырып тастап, ғылыми дәлдікке сүйенген жаңа тәсіл.

Зерттеу жүргізілген шаруашылықтардың бірі – қоңыр топырақты аумақта орналасқан «Жер-1» ЖШС-де жүргізілген

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығын жаңғырту бағытында атқарылып жатқан ұшан-теңіз жұмыстардың ішінде минералдық тыңайтқыштарды тиімді қолдану – аймақ егіншілігінің жанданып, мол өнім алуға оң ықпалын тигізіп келеді. А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғалымдарының осы жылы жүзеге асқан бюджет бағдарламасы аясындағы ауқымды жұмыстары тыңайтқыштарды дәл есептеп енгізудің нақты нәтижесін көрсеткен маңызды жоба болып отыр.

Бағдарлама шеңберінде орталықтың «Агрохимия және тыңайтқыштар» зертханасы пилоттық шаруашылықтарда топырақтың қоректік элементтермен қамтамасыз етілуін терең талдап, көпжылдық зерттеулердің деректерімен ұштастырылған дәл ұсыныстарын ұсынды. Ғалымдар әр алқаптың агрохимиялық төлқұжатын жасап, оның әр қабаты мен әр танабының қоректік жағдайын тиянақтап өлшеп, нақты ауыл шаруашылық дақылы үшін оңтайлы тыңайтқыш мөлшерін белгіледі. Бұл

агрохимиялық талдау нәтижесі топырақтың басым бөлігінде фосфор тапшылығын айқын көрсетті. Алқаптың жетпіс бір пайызы өте төмен және төмен деңгейде, яғни фосфордың көлемі небары 2,5–12,4 мг/кг ғана болса, ал қалған жиырма тоғыз пайызы орташа мөлшерге, яғни 17,0–25,8 мг/кг ғана жететіні белгілі болды. Мұндай жағдайда астық өнімділігі тікелей фосформен қамтамасыз етілу деңгейіне тәуелді болатындықтан, ғалымдар егін егу кезінде P20 – 20 кг әсерлі зат есебіндегі фосфор тыңайтқышын енгізуді ұсынды.

Осы ұсынысқа сүйенген шаруашылық жаздық бидай егісіне аммофос пен сульфаммофос енгізіп, сонымен қатар тыңайтқышсыз бақылау нұсқасын қалдырды. Нәтиже күткен деңгейден де жоғары болып шықты. Жүргізілген тексеріс нәтижесінде тыңайтқыш енгізілген нұсқаларда астық өнімділігін бақылап, салыстырғанда 10,5–23,2 пайызға артқаны байқалды. Бұл – тыңайтқыш мөлшерін дәл қолданудың ауыл шаруашылығында қандай нақты экономикалық және биологиялық тиімділік беретінінің

бұлтартпас айғағы болмақ. Мұнымен қоса жүргізілген тәжірибелер астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының өз тәжірибе алқаптарында да оң нәтиже көрсетті. Оңтүстік қара топырақ жағдайында, әртүрлі дақылдар мен топырақ өңдеу тәсілдеріне байланысты P20 нормасының әсерін бағалау барысында пар танабында өнімнің 8-22 пайыз, бұршақ дақылында 11-25 пайыз, ал зығыр сабағында 8-28 пайыз артып отырғаны анықталды. Бұл бір ғана норманың, яғни P20 мөлшерінің, әртүрлі жағдайларда да тұрақты тиімділігін көрсетіп берді.

Фосфор тыңайтқышының дәл осы нормасы кездейсоқ таңдалмағанын атап өткен жөн. Өйткені, бұл өткен ғасырдың жетпісінші жылдары астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының агрохимиктері жүргізген кең ауқымды зерттеулердің ғылыми қорытындысы. Сонау 1972–1976 жылдары оңтүстік карбонатты қара топырақта фосфордың топырақ-өсімдік жүйесіндегі айналымы терең зерттеліп, түрлі тыңайту жүйелері салыстырылған еді. Сол жұмыстардың нәтижесінде жыл сайынғы ең төмен тиімді

P.S. Бүгінгі таңда өткен ғасырдың 70-жылдары жүргізілген зерттеулердің әлі де өзектілігін жоймай, керісінше жаңа жағдайларда да тиімділігін дәлелдей түсіу еліміздегі аграрлық ғылымның тереңдігі мен өміршеңдігін айғақтай түседі. Ғылыми негізделген тыңайту жүйесі – Ақмола өңірінде тұрақты өнім алудың басты шартына айналды. Фосфордың дәл мөлшерде, ғылыми ұсынысқа сай енгізілуі – егіншіліктің тек бүгінгі табысын ғана емес, ертеңгі құнарын да қалыптастыратын шешуші фактор екені сөзсіз...

Перизат НАЗАРОВА, «А.И. Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің агрохимия және тыңайтқыштар зертханасының аға ғылыми қызметкері

норма ретінде P20 мөлшері белгіленген болатын. Ғылыми дәлел бойынша 10 центнер астық өсіру үшін орта есеппен 6 килограмм фосфор қажет. Демек, P20 нормасы шамамен 30 центнер өнімнің фосформен қамтамасыз етілуіне толық жеткілікті.

Ақмола облысының табиғи жағдайын ескерсек, күл норма өңірдің жауын-шашын мөлшері қалыптастыратын 2-4 тоннаға дейінгі өнім әлеуетін толық қамтиды. Климат аса қолайсыз жылдары фосфордың бір бөлігінің игерілмей, топырақта сақталуы да – топырақ құнарының ұзақ мерзімді артуына әсер ететін аса маңызды фактор болып саналады. Яғни, P20 нормасы – тек ағымдағы жылға ғана емес, келесі жылдарға да қор қалдыратын тиімді әрі үнемді тыңайту жүйесі екенін атап өткен жөн.

Тыңайтқыш енгізудің бұл тәсілі «Жер-1» шаруашылығы үшін экономикалық жағынан да тиімді шешім болды. Қазіргі нарықта минералдық тыңайтқыштар бағасының тым жоғары екенін ескерсек, P20 тыңайтқышының нормасы – өндіріс үшін қолжетімді әрі шығыны аз. Жыл сайын осы норманы тұрақты енгізу топырақтың құнарлылығын арттырып, шаруашылыққа тұрақты, болжаулы және жоғары өнім қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында барлық пилоттық шаруашылықтарда минералдық тыңайтқыштарды дұрыс есептеу, енгізу әдістері, топырақ талдауын бағалау жолдары жөнінде оқу семинарлары өткізіліп, шаруаларға теориямен қатар практикалық дағдылар да берілді. Бұл – ғылыми зерттеу нәтижелерінің өндіріске тікелей енуіне жол ашқан өте маңызды қадам.

МЕЖЕ

ӘРБІР ХАТТАМА – ТАРИХИ ҚҰЖАТ

Көпшілік сот жүйесін негізінен судьялармен байланыстырады.

Алайда, әділ сот төрелігінің дәлдігі, тәртібі және ашықтығын қамтамасыз ететін, солардың ішінде көзге көрінбей, сот төрелігінің айқындығы мен тәртібін қадағалайтын тұлға – сот отырысының хатшысы. Ол көрінбегенімен, сот процесінде шешуші рөл атқарады. Көп жағдайда жұрт өз назарын судьямен адвокаттарға аударады. Ал сот отырысының ұйымдастырылуы мен тәртібін қадағалап отырған хатшының еңбегі, сот процесінің заң талаптарына сай өтуіне, хаттаманың дұрыс жүргізілуіне және шешімдердің заңды күшіне енуіне тікелей әсер етеді.

Хатшының негізгі міндеттері:

- сот отырысын уақытылы ұйымдастыру, қатысушыларды шақыру және залдың дайындығын қамтамасыз ету;
- сот отырысының хаттамасын дәл және толық жүргізу;
- процесс барысында айтылған мәліметтер мен дәлелдемелердің заңға сәйкес рәсімделуін қадағалау;
- сот актілерінің орындалуына қатысты құжаттарды дайындау және сақтау.

Бұл міндеттер сот төрелігінің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз ететін негізгі тіректердің бірі. Сот хатшысы тек техникалық қызметкер емес. Ол сот отырысының ажырамас бөлігі, сот беделін көрсететін тұлға. Әрбір жазылған хаттама – тарихи құжат, ал әрбір сот процесі – әділдіктің көрінісі. Сондықтан хатшының әр сөзі мен әр жолы – қоғам алдындағы адалдықтың айқын көрінісі.

Бүгінде сот жүйесінде цифрландыру мен жаңарту белсенді жүргізілуде. Электрондық сот ісін жүргізу, дыбыс және бейнежазба құралдары, жаңа ақпараттық жүйелер – мұның барлығы хатшының жұмысын заманауи деңгейге көтеруде. Қазіргі сот хатшысы – жауапкершілігі жоғары, технологияны меңгерген, заң нормаларын терең білетін кәсіби маман.

Сот хатшылары – әділдік пен сенімнің тынысы. Әр күнгі еңбегіміз – қоғам алдындағы жауапкершіліктің көрінісі.



Д.ЗИНШОВА,
Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотта сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы – сот отырысының хатшысы

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

«ЖОЛ БЕРІП, ӨМІРІҢДІ САҚТА!»

«Астаналық полиция мен жедел медициналық көмек қызметі жүргізушілердің мәдениетін арттыру және жедел көліктер қатысатын жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында күш біріктірді. Олар тиісті меморандумға қол қойды», – деп хабарлайды қалалық әкімдіктің ресми сайты.

Меморандум аясында бірлескен акция басталды. Акция барысында полицейлер жүргізушілерге түсіндіру

жүргізіп, жедел жәрдем және басқа да арнайы қызмет көліктеріне (жарық және дыбыс сигналдары қосылған жағдайда) жол беру ережелерін еске салады.

Оперативтік көліктерге жол бермеген жағдайда әкімшілік айыппұл 20 АЕК мөлшерінде салынады.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Абылайхан Наурызбаев, басқарма және департамент басшылары, мемлекеттік қызметшілер мен ерікті жастар қатысты.

– Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күнін ағаш отырғызу арқылы атап өту – үлкен символдық мәнге ие. Себебі, жемқорлыққа қарсы күрес те

дәл осы табиғат сияқты – табандылықты, тазалықты және жаңаруды талап етеді. Ағаш отырғызу арқылы біз қоғамда жаңаруға деген ұмтылысты бекітіп, келешек ұрпаққа аманат қалдырамыз, – деді Нұралы Әлмаханұлы.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА БЕЛСЕНДІЛІК ЖОҒАРЫ

Маңғыстау облысында өңірдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында инвестиция тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Соңғы үш жылда облыстың негізгі капиталына 2,9 трлн теңгеден астам инвестиция тартылған.

Өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, биыл жалпы құны шамамен 230 млрд теңгені құрайтын 17 жоба іске қосылып, нәтижесінде 550-ге жуық тұрақты жаңа жұмыс орны ашылған.

– Жыл соңына дейін жалпы құны 38 млрд теңге

болатын тағы бес жобаны пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, жыл басынан бері ірі шетелдік инвесторларды тарту және екіжақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында жақын және алыс шетелдердің елшілері және консулдарымен, сондай-ақ өңірдің инвестициялық және сауда-экономикалық мүмкіндіктерімен танысу үшін келген шетелдік инвесторлармен кездесу өткізілді, – деп хабарлады басқарма өкілдері.

А.МӘУЛЕНБАЙ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЖОЛДАР ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ



тұрғындарымен кездесуде Бейбіт Исабаев аудан әкіміне тиісті басқармамен бірлесіп, салынып жатқан жолдардың сапасына және жөндеудің дер кезінде аяқталуына ерекше мән беріп, кемшіліктерді түзеуді тапсырды.

Өңір басшысының айтуынша, аудан бойынша осы жылы жергілікті маңызы бар 57 шақырым автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауға қаржы бөлінген.

Облыстық маңызы бар Егінсу ауылына кіреберіс автожол мен «Алматы-Өскемен» тас жолынан Қапал ауылына апаратын 26 шақырым жол бөлігі жөндеуден өткен.

Сонымен қатар 7 елді мекеннің 16 көшесін және Қызылжар, Есеболатов ауылдарының кіреберіс жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен

ЖАҢАРУҒА ҰМТЫЛЫС

қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы Түркістан облысында жүйелі жалғасуда. Аталған бастама аясында 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай ағаш отырғызу шарасы өтті. Шара барысында «Бірлік аллеса» ашылып, 150-ге жуық ағаш егілді.

Түркістан қаласындағы «Парасат» саябағында өткен шараға Түркістан облысының мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов, облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы,

АЛТЫН КӨПІР

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Ташкент қаласында Низами атындағы Өзбекстан Ұлттық педагогикалық университеті мен Павлодар қаласындағы Инновациялық Еуразия университеті арасында білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Өзбекстандағы Республикалық қазақ мәдени оралығының білім бөлімінің жетекшісі Клара Садырбаеваның айтуынша, екі елдің арасында білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық аясында бұған дейін де ғылыми зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары арасында түрлі келісімдер жасалған. Бұл құжат екі ел арасында жоғары оқу орындарының өзара тәжірибе алма-

суын, ғылыми-зерттеу саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруды, академиялық ұтқырлықты және инновациялық бағыттағы жаңа бастамаларды дамытуға серпін береді. Ондағы басты мақсат жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру жүйелерінің тиімділігін арттыру, жаңа технологияларға негізделген оқу үдерісін жетілдіру, ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистрант-

тар мен студенттер арасындағы халықаралық тәжірибе алмасуды кеңейту.

Ташкент қаласында Низами атындағы Өзбекстан Ұлттық педагогикалық университетінің халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Дилноза Холмуродованың сөзіне қарағанда тараптар бірлескен конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуге, ғылыми жарияланымдар даярлауға және халықаралық ғылыми гранттарға қатысуға мүдделі. Ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру, ыссапар шығында-



рын өтеу және басқа да ұйымдастырушылық шарттар қосымша келісімдер арқылы нақты айқындалады.

Бұған дейін Астанада «Отандастар» қорының ұйымдастыруымен шетелде жүрген қазақ ғалымдарының басын қосатын отандас ғалымдардың форумы да өткен болатын. Оған қатысушылар арасында Өзбекстаннан арнайы делегация

келген. Клара Садырбаеваның айтуынша, екі елдің білім және ғылым саласындағы әлеуетін арттыруда және жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамытуда ұлттық мәдени орталықтардың да үлесі мол.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «SEM-ЗЕМ ПРОЕКТ» ЖШС (БСН 210340029775) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Сейфуллин көшесі, 107-үй.

4. Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Толеев-2023»-тің (БСН 231140003156) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап екі ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Тұрыш ауылы, Зона №1, 64-үй мекенжайында қабылданады.

5. «BOGDA» ЖШС (БСН 230740031874) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйдібек ауылы, Байболов көшесі, 296-үй.

6. «Grand Product» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 251140034605) өзінің таратылатыны туралы хабарлай отырып, шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады, ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Қанағат елді мекені, Ешеев Жәнібек көшесі, №28-үй. Тел. +7 (778) 341-67-66.

8. «Salikhovs Pride» ЖШС (БСН 180540029596) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Дөпөв көшесі, 2/5-үй.

9. «AQUA CALORIE» ЖШС (БСН 090540015567) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Кабдолов көшесі, 16-үй.

12. TOO «WORKLY» ЖШС (БСН 230240032329) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 589а ғимарат, т.е.б. 65.

19. «БЮРОГЛАЗ» ЖШС (БСН 220840030691) (Астана қаласы, 010000, Есіл ауданы, Достық көшесі, 4-ғимарат, н.п. 31) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Қараша ана көшесі, 33-үй. Тел. 8 702 999 80 99.

21. «Пазылбек» ЖШС (БСН 210440022553) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-

ЖАРНАМА

ланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Әбжапар Жылқышиев көшесі, 10-үй, пошта индекс 160700.

22. «Optimum Аудит» ЖШС (БСН 201240025660) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 31/а-үй, 156-пәтер. Тел.: 87713132020.

ӨРТУРА

3. «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 23.12.2025 жылы сағат 10:00-де Алматы қаласы, Жеісу ауданы, Кокмайша шағын ауданы, 12-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: KIA / PRO CEED, маркалы автокөлік, 2021 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,6 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 7 428 000 теңге; Аталған мүлік Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Алғабас 2, 138, 58-пәтер, анықтама телефоны: +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZKXX.

7. Жаңа заң – жаңа саясат 2015 жылдың 18 қараша күні Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл туралы» жаңа заңы қабылданып, онда жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай бес іргелі қағидатқа негізделіп қырылған: жүйелілік; баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі; айқындық, ашықтық және мемлекеттің қоғамға есептілігі; мемлекет пен қоғамның серіктестігі. Бұл мақсатқа жету мынадай мәселелердің шешілуін талап етеді: қоғамның әр мүшесінің бойынша жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетті, білімділік пен тәрбиені қалыптастыру; сыбайлас жемқорлықтың пайда болу алғышарттарын азайту; мемлекеттік органдардың қызметіне партиялық және қоғамдық бақылауды күшейту; жергілікті өзін өзі басқару өкілеттілігін күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы күшейту. Оның ішінде аса маңызды шаралардың бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізу, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларды өткізу.

Сыбайлас жемқорлық – бұл тек жеке тұлғалар мен ұйымдарға ғана емес, тұтас қоғамға және мемлекеттің болашағына қатер төндіретін құбылыс. Онымен күресу үшін мемлекеттік органдар мен қоғам арасында бірлескен әрекет қажет. Тек қоғамның барлық деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, заңнаманы күшейту және мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру арқылы ғана сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге қол жеткізуге болады.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жастарды адалдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу маңызды. Бұл мақсатта арнайы білім беру бағдарламалары мен тренингтер ұйымдастырылуы қажет. Қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және азаматтық қоғамның бақылауы маңызды рөл атқарады. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске белсенді қатысуы, халықты хабардар ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттың науқандар жүргізу оның деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Біздің еліміз өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырды. Әрбір жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасын назарға алып, өз тарапынан қанды да болмасын заң бұзушылықтарға қол бермеуге ұмтылуы тиіс. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес, оның алды алу және болдырмау – әрбір қазақстандықтың, баршамыздың бүгінгі парызымыз.

ҚР ДСМ СЭБ «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Құқықтық, кадрлық және шаруашылық бөлімінің заңгері Н.А. АБДИЕВА

10. «Өндірістік-технологиялық жинақтау басқармасы» акционерлік қоғамы (БСН 94054000092), заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 63, «Өндірістік-технологиялық жинақтау басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылу жолымен ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. АҚ кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен екі ай ішінде өз талаптарын қоюға құқылы. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 63, тел. 8777685434, пошта: elite_almaty2025@mail.ru.

13. «Anisimov Project (Анисимов Продактс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 141240027752) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес серіктестіктің жарғылық капиталы азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ұлытау облысы, 100600, Жезқазған қаласы, Қаныш Сәтбаев алаңы, 1-ғимарат.

14. «Tagir Trans Company» ЖШС (БСН 231240026763) келесі ұйымдарды «Tagir Trans Company» ЖШС-нің мүлкіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды: 1. «MARSА TRADE» ЖШС, БСН 200540005009; 2. «Safina Company» ЖШС, БСН 210740023770. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық ауылдық округі, Балпық би ауылы, И.Измайлов көшесі, 12-үй, 6-пәтер, пошта индекс 041200. Тел. 8 707 111 00 90.

15. «Safina Company» ЖШС (БСН 210740023770) «Tagir Trans Company» ЖШС-не (БСН 231240026763) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық ауылдық округі, Балпық би ауылы, Мырзабеков көшесі, 24-үй, 24/4, пошта индекс 041200. Тел.: 8 701 997 75 44.

16. «MARSА TRADE» ЖШС (БСН 200540005009) «Tagir Trans Company» ЖШС-не (БСН 231240026763) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Мырзабеков көшесі, 24-үй, 4. Тел.: 8 707 777 70 02.

17. «Пржевальское» ЖШС (БСН 990140005907) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Мүзбел ауылы, «Пржевальское» ЖШС кеңсесі мекенжайы бойынша қабылданады.

20. «MB Holding Group» ЖШС «Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Исаев пен Байғанин көшелері арасында Қабаңбай батыр көшесі мекенжайында орналасқан «Centre Ville» халыққа қызмет ету объектілері мен жер асты тұрағы бар көпфункционалды тұрғын үй кешені құрылысы» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Тыңдаулар: 2026 жылы 28 қаңтарда сағат 14.00-де Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байғанин көшесі, 15-үй. Тапсырыс беруші: «MB Holding Group» ЖШС. Бас жобалаушы: «MB Project Partners» ЖШС. Эскиз жобасын мына мекенжайдан табуға болады: Алматы қаласы, Жамбаев көшесі, 155А. Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды 5 жұмыс күні ішінде келесі электрондық мекен жайға жіберуге болады: marina.building.kz@yandex.kz.

23. МАЭС-нің 2025 жылғы 24 қарашадағы ұйғарымымен «Ватан БСК Казахстан» ЖШС-не қатысты (БСН 041040004557) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Самал-3 үйқам ауданы, 15-үй, 1-пәтер. Тел. +7705 810 0420.

24. 2025 жылғы 1 желтоқсанда Қарағанды облысы МАЭС -інің анықтамасымен «Геолсьемка 2010» ЖШС-іне (БСН 941240001904) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Алдын ала сот отырысы 2025 жылғы 15 желтоқсан күні сағат 17:30-ға белгіленді. Қосымша ақпарат алу үшін соттың кеңсесіне 8(7212) 559 165 нөмірі арқылы хабарласуға болады.

МҰРАГЕРЛІК

11. 2025 жылы 26 қыркүйекте қайтыс болған Досмағамбетов Тамара Михайловнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер болса, нотариус В.В. Гарбовскийге келулеріңіз керек. Мекенжайы: ҚР, Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 27/3-үй, 2-кеңсе, «Империя» БО. Тел: +7-701-220-80-04.

18. 2025 жылы 12 шілдеде қайтыс болған Нұрсейтөв Отанқали Жетписовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер болса, нотариус А.С.Жаулыбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Таугуль-3 ш.а., Бутина көшесі, 19/11 үй. Тел. 8 701 355 25 22.

БАНКРОТТЫҚ

25. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы ұйғарымымен «Luxury Services Company» ЖШС (БСН 161240000107) банкроттық ісі бойынша іс жүргізу қозғалысқа алынды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency Kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz
«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естаи көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтөбе қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7172) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

ОРТАҚ КҮРЕС

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС НАУҚАНДЫҚ ШАРА БОЛМАУЫ КЕРЕК

Жыл сайын 9 желтоқсанда әлем елдері Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күнін атап өтеді. Бұл дата жаһандық қоғамдастықтың жемқорлыққа қарсы бірлескен ұстанымын білдіретін маңызды күн ғана емес, әрбір мемлекет үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға, қоғамдағы әділдік пен адалдық қағидаттарын нығайтуға бағытталған ерекше кезең.

Бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып отыр. Алайда бұл күрестің нәтижелі болуы тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік институттардың жұмысына ғана байланысты емес. Әлеуметтік сананы өзгерту, адам мінез-құлқындағы адалдық, жауапкершілік, әділдік ұғымдарын қалыптастыру – сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең маңызды, әрі ұзақ мерзімді тетігі.

Осы тұрғыдан алғанда ЖОО студенттерінің академиялық мәдениеті – ертеңгі қоғамдық-кәсіби ортадағы мінез-құлқтың негізі. Университет қабырғасында қалыптасатын адалдық стандарттары болашақ маманның қызметінде де жалғасын табады. Сондықтан білім ордаларында жемқорлықтан ада академиялық орта құру – ұлттық мүддені қорғаудың стратегиялық жолы.

Академиялық адалдық – кәсіби этиканың бастауы

Университет – тек білім мен дағды беретін орын емес, ол жеке тұлғаның құқықтық сана-сезімін, қоғамға деген жауапкершілігін, кәсіби этика нормаларын қалыптастыратын ерекше орта. Дәл осы кезеңде студент бойында «адал білім – адал маман» қағидаты орнығуы тиіс.

Академиялық адалдық – оқу үдерісінде әділдік пен жауапкершілік принциптерін сақтау: плагиат-

тан бас тарту; емтихан барысында заңсыз көмекке жүгінбеу; ғылыми еңбектерде дереккөздерді дұрыс көрсету; бағалау және бағалану мәдениетін құрметтеу. Бұл нормалар қағаз жүзіндегі ереже ғана емес – адамның ішкі ұстанымының көрінісі. Академиялық адалдықты бұзу – болашақта кәсіби этиканы да бұзудың алғашқы қадамы. Мәселен, бүгін шпаргалкаға жүгінген студент ертең құжаттарды бұрмалауға, қызметтік өкілеттігін теріс пайдалануға бейім болуы әбден мүмкін.

Жемқорлыққа қарсы иммунитет студенттік кезеңнен басталуы шарт. Қазақстан қоғамы сыбайлас жемқорлық көріністерін азайту жолында маңызды реформаларды жүзеге асырып келеді. Алайда, статистика көрсеткендей, құқықтық

мәдениеттің жеткіліксіздігі, азаматтардың құқықтарын толық білмеуі және жемқорлыққа төзбеушіліктің қалыптаспауы проблеманың әлеуметтік-философиялық табиғатын айқындайды.

Жемқорлыққа қарсы иммунитет – адамның кез келген заңсыз ұсынысқа, қысымға, әділетсіздікке қарсы тұра алатын ішкі тұрақтылығы. Мұндай иммунитет тек жазадан қорқумен емес, құндылыққа негізделген көзқараспен қалыптасады.

Студенттерге арналған тәрбие жұмыстары осы бағытты қамтуы тиіс:

- сыбайлас жемқорлықтың құқықтық және әлеуметтік зардаптары жөнінде жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Яғни, жаңартылған заңнамалар, нақты мысалдар, сот тәжірибесі студентке мәселенің мәнін терең ұғындыруға көмектеседі.

- жобалық, зерттеу, пікірталас форматын қолдану. Мұнда теорияны жаттау емес, мәселені талдау – студенттің құқықтық ойлауын дамытады.

- академиялық ашықтықты қамтамасыз ететін ішкі бақылау механизмдері. Электрондық журналдар, ашық бағалау жүйесі, онлайн-тестілеу бұрмалаушылық ықтималдығын азайтады.

- жастарды қоғамдық бастамаларға қатыстыру. Адалдыққа бағытталған волонтерлік жобалар, дебат клубтары – жемқорлыққа қарсы мә-

дениеттің әлеуметтік тәжірибесін қалыптастырады.

ЖОО-дағы құқықтық тәрбиенің ролі

«Құқықтану» кафедрасының оқытушылары үшін студентке заң нормаларын теориялық тұрғыдан түсіндіру жеткіліксіз. Құқықтық тәрбие – бұл студент өмірінің әр саласында заңға құрметпен қарауды қалыптастыру. Бұл бағыттағы кешенді жұмыс мына қағидаттарға негізделуі тиіс:

1. Құқықтық сананы дамыту. Құқықтық сана – адамның құқықты түсіну қабілеті ғана емес, оның әділдікке, заңдылыққа деген эмоционалдық қатынасы. Сабақ барысында талданған қылмыстық, әкімшілік істер, өмірлік кейстер студенттің құқықтық ойлауын жетілдіреді.

2. Заң үстемдігі принципі түсіндіру. Заң бәріне ортақ. Бұл қағида студенттік ортада нақты мысалдармен айқындалуы керек. Бағалау кезінде «таныс, бұл – жатақханада жүз көршім» деген субъективтілікке жол берілмеуі керек. Мұндай әділдік үлгісі жастарға терең із қалдырады.

3. Қоғамдық бақылау элементтерін енгізу. Студенттік сенат, академиялық интегритет жөніндегі кеңестер, оқытушылар мен білім алушылардың бірлескен талқылаулары – оқу үдерісін бақылаудың заманауи құралдары. Бұл механизмдер сенім атмосферасын қалыптастырады.

Жемқорлықсыз болашақ: студенттердің жауапкершілігі. Жастардың адалдығы – мемлекеттің тұрақтылығының кепілі. Жемқорлықты жою тек сыртқы бақылаумен жүзеге аспайды, өйткені адам мінез-құлқы ең алдымен өзінің ішкі сеніміне тәуелді. Сондықтан студенттерге төмендегі жауапкершілікті сезіндіру маңызды:

- адал білім – сапалы білім. Көшірмемен алынған баға ешқашан шынайы кәсіби құзыреттілікті алмастыра алмайды.

- өзгенің еңбегін құрметтеу – адамгершіліктің белгісі. Ғылыми жұмыста дереккөзді дұрыс көрсету – мәдениеттіліктің көрсеткіші.

- заңды бұзбай-ақ табысқа же-

туге болатынына сену. Қарапайым, бірақ ұмытылып кететін шындық. Адал еңбек – ең сенімді жол.

Құқықтық мәдениет – ұлттық қауіпсіздік факторы

Құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда жемқорлыққа орын жоқ. Бұл аксиома. Қазақстанның құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадамдарының бірі – жас ұрпақтың адалдық принципіне негізделген көзқарасын қалыптастыру.

Бүгінгі студент – ертеңгі судья, прокурор, тергеуші, адвокат, мемлекеттік қызметкер. Олардың кәсіби мінез-құлқы қоғамның құқықтық жүйесінің сапасын айқындайды. Сондықтан университет қабырғасында қалыптасқан әрбір қағида, әрбір құқықтық сабақ, әрбір адал шешім – елдің болашағына салынған іргетас.

Жемқорлықпен күрес – бір күндік шара емес, ол мәңгілік құндылықтарды қалыптастыруды талап ететін үздіксіз процесс. Біз болашақ буынды адалдық рухында тәрбиелейміз, заңның үстемдігі туралы айтқанымыз құр мәлімдеме болып қала береді.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні – қоғамның негізгі құндылықтарын қайта қарауға мүмкіндік беретін маңызды дата. Бұл күн бізді «жемқорлықсыз болашақ» идеясын сөзбен емес, іспен жүзеге асыруға шақырады.

ЖОО-лардағы академиялық мәдениетті нығайту – осы күрестің ажырамас бөлігі. Адалдықты студенттік кезеңнен бастап қалыптастырсақ, ертеңгі кәсіби ортада жемқорлыққа жол бермейтін азаматтар тәрбиелей аламыз. Соңында айтармыз: Жемқорлықсыз қоғам – ұлттың интеллектуалдық және рухани дамуының кепілі. Ал академиялық адалдық – сол қоғамға апарар сенімді жол.

Гүлнар ІЗТҰРҒАНОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,
«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі



ПІКІР

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚР Конституциясында көзделгендей, Республиканың азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыстар жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі.

Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстанның азаматын шет мемлекетке беруге болмайды. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді. ҚР Конституциясына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұмысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда,

заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

Заңда көзделген реттерде және тек қана соттың санкциясымен тұтқындалуға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға

шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан артық мерзімге ұстауға болмайды. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың көмегін пайдалануға құқылы.

Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алынған хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға,



қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@astana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана

Тапсырыс №187 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31